

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне ақшалай ризықты, жәрдемақылар мен басқа да төлемдерді төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 2 маусымдағы № 255 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2018 жылғы 4 мамырдағы № 272 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 мамырда № 16930 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне ақшалай ризықты, жәрдемақылар мен басқа да төлемдерді төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 2 маусымдағы № 255 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15313 болып тіркелді, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері эталондық бақылау банкінің ақпараттық жүйесінде 2017 жылғы 13 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне ақшалай ризықты, жәрдемақылар мен басқа да төлемдерді төлеу қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің лауазымдық айлықақысының мөлшерін айқындау үшін әскери бөлімде (мемлекеттік мекемеде) қызмет өтілін есептеу жөнінде комиссиялар құрылады. Лауазымдық айлықақыны белгілеуге құқық беретін әскери бөлімдегі (мемлекеттік мекемедегі) қызмет өтілін есептеу жөніндегі комиссиялардың құрамына қаржы, заң, кадр бөлімшелерінің лауазымды адамдары (кадр бөлімшесі болмаған кезде – жеке құрамның есебін жүргізетін адамдар) міндетті түрде енгізіледі.

Азаматтар әскери қызметке 15 жұмыс күн аралығында, сондай-ақ жыл сайын 20 қаңтарға дейін кірген кезде (1 қаңтардағы жағдай бойынша барлық әскери қызметшілердің қызмет өтілін белгілеу үшін) комиссия отырысы жүргізіледі. Қызмет өтілін есептеу жөніндегі комиссия шешімі комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді. Комиссия отырысы хаттамасының көшірмесі екі данада құрастырылады (кадр қызметіне - бір данасы, қаржы қызметіне - екіншісі).";

17-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мерзімді әскери қызметті аяқтағаннан кейін лауазымға қабылданған және тағайындалған әскери қызметшіге – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы

16 қазандағы № 646 қбп қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесімен (бұдан әрі – еңбекақы төлеудің жүйесі) белгіленген лауазымның санаты бойынша лауазымдық айлықақы;"

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Демалыстың барлық түрлерінде болған кезеңде (жүктілігі және бала тууы, олар үш жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша демалыс уақытын қоспағанда, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 23-тармағына сәйкес) әскери қызметшінің ақшалай ризығы сақталады.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Әскери лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген үстемеақыларды алуға құқығы бар, қызмет орны бойынша лауазымы сақтала отырып, әскери бөлімнен және бөлімшеден уақытша кеткен әскери қызметшіге үстемеақылар төлеу сақталады.";

41-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын;

3-тарау мынадай редакциядағы 8-параграфпен толықтырылсын:

"8-параграф. Әскери полиция әскери қызметшілеріне қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы

63-1. Мерзімді қызмет әскери қызметшілерінен басқа, әскери полиция әскери қызметшісіне қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы істер мен лауазымды қабылдау туралы бұйрық шыққан күннен бастап лауазымдық айлықақысынан 10 пайыз мөлшерінде төленеді.

63-2. Командирдің (бастықтың) істер мен лауазымды қабылдау туралы бұйрығында үстемеақы белгілеу туралы көрсетіледі;

69-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"69. Курсантты, кадетті және әскерге шақыру бойынша әскери қызметшіні қоспағанда, әскери қызметші қашықтығы 100 километрден астам басқа жергілікті жерге жаңа қызмет орнына ауыстырылған кезде (оның ішінде әскери бөлім немесе бөлімше құрамында) оған әскери қызметшінің өзіне екі айлық ақшалай қамтылым және әрбір отбасы мүшесіне айлық ақшалай қамтылымның жартысы мөлшерінде көтерме жәрдемақысы төленеді.

Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 3-тармағының 16) тармақшасына сәйкес офицерлер құрамы әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілерінің мәртебесі келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің мәртебесімен айқындалады.";

71-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"71. Осы Қағидалардың 69-тармағында белгіленген тәртіппен және мөлшердегі:";

75-тармақ мынадай редакциядағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын

:"Жұмыстан шығу жәрдемақысы бұрын қызметтен шығарылған кезде төленбеген жағдайларды қоспағанда, келісімшарт бойынша әскери қызметке қайта кірген кезде жұмыстан шығу жәрдемақысының мөлшері жұмыстан шығу күніне тиесілі ақша қаражатының мөлшері мен бұрын алынған ақша қаражаты мөлшерінің арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

Жұмыстан шығу күніне тиесілі ақша қаражатының мөлшері бұрын алынған ақша қаражаты мөлшерімен тең болған жағдайда жұмыстан шығу жәрдемақысы қайта төленбейді.";

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. 2013 жылғы 1 қаңтарға әскери қызмет мерзімі он жылдан аз болған немесе көрсетілген күннен кейін әскери қызметке алғаш кірген келісімшарт бойынша әскери қызметшіге, әскери қызметте болудың шекті жасына толғаннан кейін, денсаулық жағдайы бойынша не штаттарды қысқартуға байланысты әскери қызметтен шығарылған кезде жұмыстан шығу жәрдемақысы мынадай әскери қызмет мерзіміне:

күнтізбелік 10 жылдан аз – үш айлық ақша қаражаты;

күнтізбелік 10 жылдан 15 жылға дейін – төрт айлық ақша қаражаты;

күнтізбелік 15 жылдан 20 жылға дейін – бес айлық ақша қаражаты;

күнтізбелік 20 жылдан 25 жылға дейін – алты айлық ақша қаражаты;

күнтізбелік 25 жылдан 30 жылға дейін – жеті айлық ақша қаражаты;

күнтізбелік 30 жылдан астам – сегіз айлық ақша қаражаты мөлшерінде төленеді.

Жұмыстан шығу жәрдемақысы бұрын қызметтен шығарылған кезде төленбеген жағдайларды қоспағанда, келісімшарт бойынша әскери қызметке қайта кірген кезде жұмыстан шығу жәрдемақысының мөлшері жұмыстан шығу күніне тиесілі ақша қаражаты мөлшері мен бұрын алынған ақша қаражаты мөлшерінің арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

Жұмыстан шығу күніне тиесілі ақша қаражатының мөлшері бұрын алынған ақша қаражатының мөлшерімен тең болған жағдайда жұмыстан шығу жәрдемақысы қайта төленбейді.

Жауынгерлік іс-қимылдарға, терроризмге қарсы және бітімгершілік операцияларға қатысқаны үшін орденмен (ордендермен) наградталған әскери қызметшіге жұмыстан шығу жәрдемақысының мөлшері ақша қаражатының екі айлық ақысына арттырылады.";

78-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет мерзімі өткен соң немесе денсаулық жағдайына байланысты әскери қызметтен шығарылған кезде мерзімді қызметтегі әскери қызметшіге жұмыстан шығу жәрдемақысы - бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ал жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар арасынан болған аталған адамдарға - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.

Жауынгерлік іс-қимылдарға, терроризмге қарсы және бітімгершілік операцияларға қатысқаны үшін орденмен (ордендермен) наградталған әскери қызметшіге жұмыстан шығу жәрдемақысының мөлшері ақша қаражатының екі айлықақысына арттырылады.";

92-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"92. Әскери қызметте болудың шекті жасына толуы бойынша, денсаулық жағдайы бойынша, штаттарды қысқарту бойынша, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне құқығынсыз жұмыстан шығарылған офицерлер құрамының әскери қызметшісіне жұмыстан шығу жәрдемақысын төлеумен қатар қызметтен шығарылған күннен бастап бір жыл ішінде әскери атағы бойынша айлықақы төлеу сақталады.

Бұл ретте, егер көрсетілген мерзім ішінде қызметтегі әскери қызметшілерге әскери атағы бойынша айлықақылар арттырылса, тиісінше офицерлер құрамының әскери қызметшілеріне қызметтен шығарылғаннан кейін бір жыл өткенге дейін төленетін осы айлықақылардың мөлшері де арттырылады. Әскерге шақыру бойынша әскери қызметте болған, жұмыстан шығарылған офицерлер құрамының әскери қызметшілеріне қызметтен шығарылған күннен бастап бір жыл ішінде әскери атағы бойынша айлықақылар төленбейді."

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Экономика және қаржы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Ә.Б. Сқақовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және осы бұйрықтың 1-тармағының он бесіншіден жиырмамыншыға дейінгі абзацтары 2017 жылғы 1 шілдеде туындаған қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі
генерал - полковник*

С. Жасұзақов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК